

«Павлодар қаласының №7 сәбілдер бақшасы» КМҚК консультативтік пункті  
туралы ереже

1. Жалпы ереже

1.1. Осы ереже "КР Білім туралы" Заңына сәйкес әзірленген.

2. Консультативтік пункт жұмысының мақсаттары, міндеттері және қагидаттары

2.1. Консультативтік пункт құрудың негізгі мақсаттары:

- мектепкедейінгі білімге қолжетімділікті қамтамасыз ету;
- мектепке тұсу кезінде МДҰ бармайтын балалардың бастапқы мүмкіндіктерін тәнестіру;
- отбасылық және мектепке дейінгі тәрбиенің бірлігі мен сабактастығын қамтамасыз ету;
- мектепке дейінгі жастағы балаларды үйде, оның ішінде деңсаулық мүмкіндіктері шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналардың (занды өкілдердің) педагогикалық құзыреттілігін арттыру.

2.2. Консультативтік пункттің негізгі міндеттері:

- ата-аналарға (занды өкілдерге) консультациялық көмек көрсету және баланы тәрбиелеу, оқыту және дамыту мәселелерінде олардың психологиялық құзыреттілігін арттыру;
- балалардың зияткерлік, эмоционалдық және еріктік салаларының даму ерекшеліктерін диагностикалау;
- мектепке немесе мектепке тұсу кезінде балалардың сәтті бейімделуін қамтамасыз ету;
- ата-аналарды (занды өкілдерді) балаға оның жеке ерекшеліктеріне сәйкес білікті көмек көрсете алатын білім беру жүйесінің мекемелері туралы хабардар ету.

2.3. Консультациялық пункт қызметінің қагидаттары:

- балалар мен және ата-аналармен (занды өкілдермен) жұмыс істеуге тұлғалық-бағытталған тәсіл);
- әлеуметтік-педагогикалық кеңістік субъектілерінің ынтымақтастығы;
- тәрбие жүйесінің ашықтығы.

3. Психологиялық-педагогикалық консультациялық пункттің қызметін үйымдастыру және жұмысының негізгі нысандары

3.1. МДҰ базасындағы кеңес беру пункті балабақша басшысының бүйрығы негізінде ашылады.

**3.2.** Ата-аналарға (занды өкілдерге) консультациялық жәнепсихологиялық-педагогикалық көмекті үйімдастыру олардың психологиялық-педагогикалық жұмысқа тартылатын мамандармен өзараис-қымылы негізінде құрылады. Ата-аналарға (занды өкілдерге) кеңес беруді бір уақытта бір немесе бірнеше маман жүргізуі мүмкін.

**3.3.** Консультациялық пункте психологиялық-педагогикалық жұмысқа тартылатын мамандар саны МДҰ кадрлық қурамына қарай айқындалады.

**3.4.** Балабақша басшысының бүйректері негізінде психолог кеңес беру пунктінің қызметін үйлестіреді.

**3.5.** Психологиялық-педагогикалық кеңес беру пунктінің жұмыс түрлері:

- көзбе-көз кеңес беру үшін ата-анасының (занды өкілдерінің);

- ата-аналардың (занды өкілдердің) қатысуымен баламен түзету-дамыту сабактары;

- баламен өзара өрекеттесу тәсілдерін үйрету мақсатында ата-аналармен және олардың балаларымен бірлескен сабактар;

-МДҰ мамандарын тарта отырып, ата-аналарға (занды өкілдерге) арналған мастер-класстар, тренингтер, практикалық семинарлар (бекітілген кестеге сәйкес ай сайын).

**3.6.** Консультативтік пункт МДҰ басшысы бекіткен кестеге сәйкес аптасына бір реет жұмыс істейді.

#### **4. Консультациялық пункттің құжаттамасы**

**4.1.** Консультациялық пункттің құжаттамасын жүргізу жеке іс жүргізуге бөлінеді.

**4.2.** Консультациялық пункт құжаттамаларының тізбесі:

- МДҰ мамандары оқу жылына әзірлейтін және оның басшысы бекітетін балалармен және ата-аналармен (занды өкілдермен) білім беру қызметін жүргізу жоспары. Оқу жылы ішінде ата-аналардың (занды өкілдердің) талап етуі бойынша құжатқа өзгерістер енгізілуі мүмкін;

- жұмыстың нәтижелілігі туралы жылдық есеп;

- психолог жүргізетін кеңес беру пунктінің жұмыс журналы

- консультацияларға, мастер-класстарға, тренингтерге қатысу журналы;

- кеңес беру пунктінің жұмыс кестесі;

- ата-ана (занды өкіл) мен МДҰ басшысы арасындағы шарт;

- мектепке дейінгі біліммен қамтылмаган балалардың деректер банкі.

#### **5. Басқа ережелер**

**5.1.** Консультациялық қызметтерді алу үшін ата-аналардан (занды өкілдерден) ақы алынбайды.

5.2. Кеңес беру пункті жұмысының нәтижелілігі ата-аналардың пікірлерімен және МДҰ әдістемелік материалдың болуымен анықталады.

5.3. Балалармен және ата-аналармен (заңды өкілдермен) жұмыс істеу үшін МДҰ оку-материалдық базасы пайдаланылады.

5.4. Кеңес беру пунктінің қызметін балабақша басшысы бақылайды.